

КӨЛІК ЛИЗИНГТІК КОМПАНИЯСЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН ФРАХТЫЛЫҚ КОМПАНИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТИНІҢ ҚАУЛЫСЫ 18 наурыз 1994 ж. N 283

Көлік қызметі нарығын кеңейту, даму үстіндегі экономикалық байланыстар қажеттігін мейлінше толық қанағаттандыру және республика көлік кешенін әрі қарай дамыту үшін шетел капиталын тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің, "Аңсат" халықаралық биржалық сауда үйінің акционерлік қоғамы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама корольдығындағы Қазақстан сауда үйінің Қазақстанда көлік лизингтік компаниясы (Көліклизинг) мен Қазақстан фрахтылық (көлік жалдау) компаниясын құру жөніндегі бастамасы мақұлдансын.

2. Былай деп белгіленсін:

көлік лизингтік компаниясы шетелдік құрылтайшылардың, аса ірі лизингтік компаниялар мен фирмалардың қарожаты есебінен темір жол цистерналарын, астық таситын вагондарды, автобустарды, жүк автомобилдері мен көлік құралдарының басқа да түрлерін халықаралық және республика ішіндегі тасымалдарды қамтамасыз ету үшін сатып алып, жалгерлерге ұзақ мерзімді лизингке береді;

Қазақстан фрахтылық компаниясы коммерциялық көлік-экспедиторлық компаниясы болып табылады. Компания коммерциялық негізде лизингке берілетін жылжымалы құрамды орталықтандырылған түрде пайдаланып, көлік лизингтік компаниясымен лизингтік төлемдер және есеп айырысуларды қамтамасыз етеді;

Қазақстан фрахтылық компаниясының көлік қызметін көрсетудің ішкі және сыртқы нарығында жалға алынған жылжымалы құраммен жүргізетін операцияларындағы коммерциялық іс-әрекеті лизингтік төлемдер мен есеп айырысуларды өтеудің негізгі көзі болып табылады;

көлік лизингтік компаниясы мен Қазақстан фрахтылық компаниясы арасындағы бас лизингтік келісім Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттікте сарапшылық бағалаудан етуге тиіsti. Келісім жалгердің қолында бар жылжымалы құрам мен өзге де лизингтік көлік мүлкін төлемдер жөнінде мойнына алған міндеттемелерін орындаған соң акционерлік меншікке алуын қамтамасыз етуге тиіс;

"Аңсат" халықаралық биржалық сауда үйінің акционерлік қоғамы шетелдік кредиттің қайтарылуы үшін, сондай-ақ көлік лизингтік компаниясымен есеп айырысу

үшін жауапкершілік жүктелген заңды тұлға болып табылады;

Бас лизингтік келісімге негізделген төлемдер жасау үшін ақша қаражаты болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі бұл төлемдерді қамтамасыз ету немесе көлік лизингтік компаниясына лизинг бойынша есеп айырысуладың жетіспейтін бөлігін Қазақстан Республикасы тарапынан қатысушылардың өтеуі жөнінде шаралар қолданады;

Қазақстан Республикасының көлік кешенін жан-жақты дамуын қаржыландыруға мүдделі кез келген республика және шетелдік фирмалар Қазақстан фрахтылық компаниясы жасасатын бас лизингтік келісімге қатысушы бола алады.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Көлік министрлігі көлік лизинг компаниясы мен Қазақстан фрахтылық компаниясы енгізетін нақты лизингтік жобаларды сараптауды жүзеге асырып, тартылып отырған шетел инвестицияларына берілетін Үкімет кепілдіктерінің нысанын анықтайтын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі:

Қазақстан фрахтылық компаниясына лизингке қабылданатын

жылжымалы құрамның тіркелу пунктін анықтауға, оның тиімді пайдаланылуына және оған техникалық қызмет көрсетілуіне, шартты негізде осы жылжымалы құраммен тасымалдау құқығы бар басқару-пайдалану құрылымын қалыптастыруға көмек көрсететін болсын;

тоқсан сайын лизингте ұсталынатын көлік құралдарының пайдаланылуына талдау жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі